



Айбек АМАНГЕЛДИН,  
Астана қалалық мамандандырылған  
өкімшілік сотының судьясы:

## «ЖАҢА МОДЕЛЬ ЖҰРТШЫЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒАРЫ АНЫҚ»

– Айбек Темурұлы, елімізде кассациялық соттар құрылып, биылғы жылдың шілде айынан бастап жұмыс істейтіні белгілі болып отыр. Істерді кассациялық тұрғыда қарау бұған дейін Жоғарғы Соттың еншісінде болды. Бұл сатыны дербес құрылымға айналдыру не үшін қажет болды?

– Кассациялық сатыдағы соттарды құру сот жүйесін трансформациялаудың қисынды жалғасы. Бұл реформа, ең алдымен, азаматтардың сот арқылы құқының қорғалуын толық жүзеге асыруға бағытталған. 2024 жылғы 5 шілдеде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды. Бұл бастама Қазақстанда кассациялық соттар құруды бекітті. Реформалар сот жүйесінің құрылымын өзгертіп қана қоймай, Президент жетекшілігімен басталған Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды жаңғырту жөніндегі ауқымды бағдарламаның бір бөлігі болып отыр.

Мұндай шешім сот билігінің тәуелсіздігі қағидатын нығайтуға арналған және Жоғарғы Сот үшін бірыңғай сот практикасын қалыптастыру мәселелерін, ал кассациялық соттар үшін істерді қайта қарау функциясын қалдыра отырып, соттар арасындағы функцияларды бөлудің маңыздылығын көрсетеді. Кассациялық соттардың енгізілуімен Жоғарғы Соттың рөлі өзгереді, ол сот практикасының біржөкілігін қамтамасыз етуге және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылық мәселелерін зерттеуге бағытталған. Аудандық және облыстық соттар, яғни бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар, сондай-ақ жаңадан құрылатын кассациялық соттар сот төрелігін тікелей іске асырумен айналысатын болады. Конституциялық заңға сәйкес, кассациялық соттарға істер тікелей алқаларға келіп түседі және іс бойынша тараптарды шақыра отырып қаралады. Кассацияда істерді қарау мерзімі ақылға қонымды мерзім, мысалы алты айдан аспайды.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ КЕМШІЛІКТЕН КЕНДЕ ЕМЕС



Қоғамды алаңдатқан салықтық төлемдерге қатысты шешімдер де белгілі болды. Бұған дейін хабарлағанымыздай, жақында Парламенттің жалпы отырысында Салық кодексінің жаңа редакциясы бірінші оқылымда мақұлданды. Құжат 3 сағатқа жуық талқыланды. Сұрақ қоюға жазылған 45 депутаттың 30-дан астамына ғана өз сауалына жауап алу мүмкіндігі туды. Мұндай жағдай Парламенттегі талқылаулар барысында өте сирек кездесетін, тіпті ілуде бір болатын үрдіс десек артық айтқандық болмас. Депутаттар өз сауалдарында халықтың көкейіндегі барлық мәселені қамтуға тырысты.

## БАҒДАР

# КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ИЕ

Конституциялық соттың құрылуы – еліміздің құқықтық даму тарихындағы ерекше кезең. 2022 жылғы референдум нәтижесінде қабылданған реформалардың аясында бұл органның пайда болуы Қазақстан халқының құқықтық мәдениетін арттыруға және әрбір азаматтың өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған үлкен қадам болды.

Конституциялық Соттың басты ерекшелігі – кез келген азаматтың, ұйымның немесе мемлекеттік органның Конституцияға қайшы деп саналған нормаларға қатысты тікелей шағымдана алуында. Бұрын бұл мүмкіндік шектеулі болатын: Конституциялық Кеңеске негізінен мемлекеттік органдар ғана жүгіне алатын. Енді әрбір қазақстандық өз құқығы бұзылған жағдайда Сотқа жүгініп, өзінің дауысын естірте алады. Бұл – құқық үстемдігін қамтамасыз етудің және халықтың мемлекетке деген сенімін арттырудың маңызды тетігі.

Қазақстандағы Конституциялық сот пен жергілікті соттардың айырмашылығы өте үлкен – олар екі түрлі жүйеде жұмыс істейді және міндеттері де әртүрлі. Соттар азаматтар арасындағы дауларды қарайтын болса, Конституциялық Сот азаматтардың өтініші бойынша Қазақстанның нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін, Президент, Парламент депутаттары

сайлауын өткізудің дұрыстығын қарайды, Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексереді. Конституция нормаларына ресми түсіндірме береді.

Конституциялық Сот құрылған сәттен бастап (2023–2024 жылдары) азаматтар тарапынан үлкен қызығушылық байқалды. Бүгінге дейін барлығы 9 мыңнан аса өтініш қаралып, 400-ден астам шешім шығарылған екен. Бұл көрсеткіштердің өзі азаматтардың өз құқықтарына деген көзқарасының өзгергенін, заң мен әділдікке деген сұраныстың артқанын көрсетеді.

Конституциялық Сот жұмысының нәтижесінде көптеген құқықтық нормалар қайта қаралып, қоғамның құқықтық кеңістігі жаңартылды. Мәселен, 558 құқықтық норма тексеріліп, 29 заңнамалық актіге өзгерістер

енгізу ұсынылған. Бұл ұсыныстардың 16%-дан астамы заңға енгізіліп үлгерді. Процесс мемлекеттің өз заңдарын заманауи талаптарға сәйкестендіруге деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

Конституциялық Соттың пайда болуы қарапайым азаматтар үшін не береді? Ең алдымен, бұл – өз құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа деңгейі. Азаматтар енді заңның үстемдігін тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде сезіне алады. Екіншіден, соттың шешімдері арқылы мемлекет құқықтық актілердің сапасын арттырып, құқықтық мемлекеттің негіздерін нығайтады. Үшіншіден, бұл орган қоғамда әділдік пен заңдылықтың салтанат құруына ықпал етеді.

(Жалғасы 4-бетте)

4-бет



Дайын асқатқасықтар көбейді

6-бет



«Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң»

8-бет



Соңғы аяқтама

**СОТ ІС ҚАРАДЫ**

**«ШЕРЗАТ ІСІ»:**

процесс тікелей эфирде көрсетіледі

Жоғарғы Сот көпшілік назарындағы шулы істерді тікелей эфирде өткізу тәжірибесін жалғастырмақ. Бұған соттың техникалық мүмкіндігі де, әлеуеті де толық жетеді. Астанада өткен «Бишімбаев соты» сөзімізге нақты дәлел болса керек. Осы онлайн сот барысында азаматтар сот жұмысынан, судьялар қызметінен, прокурор мен адвокаттар құзыретінен, процеске қатысудың тәртібі мен құқығынан толық хабардар болған еді. Сот процесінің онлайн режимінде өтуі іске қатысты негізсіз сынның айтылуына, жалған ақпараттың таралуына тосқауыл қояды.



Былыттың бері көпшіліктің қызу талқысына айналған Шерзат Полаттың өліміне қатысты қылмысқа да заңды нүкте қойылатын кез келді. Істі Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Ержан

Жанұзақов қарайды. Ержан Серікқазыұлы – тәжірибелі судья. Ішкі істер министрлігінің академиясын бітірген ол ұзақ жыл ішкі істер бөлімінің анықтау бөлімінде анықтаушы, тергеу басқармасында тергеуші, аға тергеуші, аудандық полиция бөлімі

бастығының орынбасары болып қызмет еткен. Яғни, қылмыстық істерді саралап, таразылаудың кәсіби маманы. Жанұзақовтың судьялық қызметі 2014 жылдың 29 тамызынан басталады. Осы кезден бері судья Алматы облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында жемісті еңбек етіп келеді. Ендеше, көпшілік жаппай көз тігіп отырған шулы істің Ержан Серікқазыұлына тапсырылуы оның кәсіби біліктілігіне, тәжірибесінің молдығына байланысты болса керек.

Айыпты орындығында 9 күдікті отыр. 10 сәуірде Шерзат Полаттың өліміне қатысты іс бойынша алдын ала тыңдау басталды. Басты сот талқылауы 17 сәуір сағат 10.00-ге белгіленді.

**Сот отырысының онлайн трансляциясын Жоғарғы Соттың YouTube-каналында мына сілтеме бойынша көруге болады: [https://t.me/Jogargy\\_sot/4759](https://t.me/Jogargy_sot/4759)**

**А.САТЫБАЛДЫ,**  
«Заң газеті»

**МІНБЕР**

**СОТ АҚТІЛЕРІН УАҚЫТЫЛЫ ОРЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР**

Сот актілерін уақытылы орындаудың қоғам үшін маңызы өте зор. Себебі сот шешімінің, үкімі мен қаулысының заңнамаға сәйкес дер кезінде дұрыс орындалуы азаматтар құқығын мінсіз қорғаудың, мемлекеттегі заң үстемдігінің кепілі.

Сот актісі – судья қараған істің түпкі нәтижесі. Ал осы сот актісіне қол жеткізу үшін азаматтар қаншама уақытын, қажыр-қайратын жұмсайды. Әрбір сот шешімінің артында азаматтардың сотқа деген сенімі, әділдікке деген үміті, ертеңгі тағдыры тұр. Сотқа жүгініп, өз құқығын қорғау арқылы азаматтар еліміздің заңнамаларының пәрменіне, сот алдындағы теңдікке көз жеткізеді. Халықтың осылайша дауды сот алаңында шешуі құқықтық, зайырлы мемлекеттің басты белгісі.

Сот саласы да әрбір істі терең зерделеп, тура төрелік етуді бағдар етіп белгілеген. Азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осындай іргелі іс-шаралардың түпкі міндеті – сотты халыққа жақындату, халықтың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау. Ал мұндай жанкешті жұмыстар нәтижелі болуы үшін сот актілері орта жолда қалмай, дер кезінде, талапқа сай орындалуы тиіс.

Өкінішке орай, сот актілерінің өз деңгейінде орындалмауы халықтың сотқа деген сеніміне көлеңке түсіреді. Сот актілерін орындау құзырына жатпаса да, шешімдердің уақытылы орындалмауын сот жұмысымен байланыстыратындар жоқ емес. Тіпті судьяның атына өкпе-ренішін жолдайтындар да бар. Бұл әрине, заңды білмеудің салдары. Өйткені, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі» туралы заңға сәйкес, елімізде сот актілерін орындау қызметі сот орындаушылар мен жеке сот орындаушылардың құзырына берілген. Судья сот өндірісіне түскен істер мен матери-

алдарды қарауда аз еңбек етпейді. Тараптарды қатар тыңдап, екі жаққа теңдей мүмкіндік ұсына отырып дауды таразылайтын судьяның жүгінетіні – еліміздің пәрменді заңдары мен өзінің ары. Мемлекет атынан үкім, шешім шығаратын әрбір судья өзіне жүктелген жауаптылықтың қаншалықты маңызды екенін біледі. Сондықтан өзінің ғана емес, жалпы сот жүйесінің беделіне нұқсан келтірмес үшін судьялар қауымы әрбір істі жан-жақты зерделеп, сауатты тұжырым жасауға тырысады. Ал осы терең сүзгіден өткен сот актісінің талапқа сай орындалуы сот орындаушыларының жауаптылығына, тиянақтылығына, білімі мен білігіне байланысты.

Сот актісі күшіне енгеннен кейін сот орындаушысы оны орындау үшін іс-шаралар қабылдауы керек. Осы мақсатта борышкерге сот шешімін орындау туралы хабарлама жіберіледі. Бірақ, сот жүктеген талапты азаматтардың бәрі бірдей жауаптылықпен орындайды дей алмаймыз. Сол себепті сот орындаушылар борышкерге түрлі мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Осы ретте басты орындауға тиіс негізгі қағида: Сот актісінің орындалуы тек заңға сәйкес болуы тиіс. Бұл барлық тараптардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Сот актілерін орындау процесі уақытында және тиімді жүргізілгені жөн. Сонымен бірге, мұндағы барлық қадамдар мұқият тексеріліп, заңға сай орындалуы қажет. Бұл сот шешімін орындау барысында кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Ортақ тәртіпті басшылыққа ала отырып тиімді



**Бауыржан БОРАНБАЕВ,**  
Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы орынбасарының міндетін атқарушы

жұмыс жүргізілгеніне қарамастан, сот актілерін орындауда аз қиындық туындамайды. Соның ішінде борышкердің қаржылық жағдайы сот актілерін орындауда үлкен кедергі. Басында мүлкі жоқ, қарызды өтеуге қабілетсіз борышкерлерге сот актісін орындату қиын. Кейбір жағдайларда борышкерлер сот шешімін орындаудан бас тартады, уақыт созады немесе заңсыз әрекеттерге барады. Мұндай жағдайда сот орындаушылар құқық қорғау органдарының көмегіне жүгінеді. Сондай-ақ түрлі мәжбүрлеу шаралары да борышкерлердің сот актісін орындауына ықпал етеді. Бұдан бөлек, жауапсыз борышкерлерге айыппұлдар немесе басқа да жазалау шаралары қолданылуы мүмкін.

Сот актілерін сапалы орындау – бұл заңды рәсімдер мен тәртіпті сақтай отырып, сот шешімдерін дұрыс және уақытында орындауды қамтамасыз ету кепілі. Елімізде заң үстемдігі салтанат құрсын десек бәріміз де заң талаптарына бағынып, сот актілерін дер кезінде орындауға күш салуға тиіспіз.

**ТҮЙТКІЛ**

Алаяқтар қай заманда да қоғамның күрделі мәселесінің бірі болған. Ғаламтордың дамуы, әлеуметтік желіні пайдаланатындар қатарының артуы интернет-алаяқтықтың өркендеуіне жол ашты. Бүгінгі алаяқтардың айырмашылығы – телефон мен ноутбуктың ар жағында отырып-ақ азаматтарды қақпанына түсіретін айлакерлігінде.

**ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАРДАН ШЫҒЫНДЫ ӨНДІРУ ҚИЫН**

Жаңа технология жетістіктерін жетік меңгерген алаяқтардың қулығына құрық бойламайды. Олардың құрбанына айналғандар жыл санап өсіп, күннен-күнге зардап шегушілер қатары ұлғаюда. Біресе банк қызметкері, біресе полиция, біресе ұлттық қауіпсіздік қызметкері секілді түрлі рөлге енген қылмыскерлердің көздегені біреу – өзі қоңырау шалған адамды неғұрлым мол шығынға батыру. Кейде жаны ашығансып, енді бірде қорқытып, тағы бірде ескерту жасаған болып, кейде ұтыстан дәмелендіріп қоңырау соғатын алаяқтарға алданғандар есепшотындағы ақшасын тұтас беріп қоймай, одан бөлек банктік жеке деректерін, құпия кодтарын оңай ұсыну арқылы аз уақытта банктер мен шағын қаржы ұйымдарынан несие алып, белшеден қарыз болып шыға келеді.

Мұндай алаяқтардың делдалдарды жалдайтыны, ақшаларын қолма-қол шығарып алу үшін қаржыға мұқтаж жандарды пайдаланатыны байқалады. Қазіргі тілмен алғанда ондай тұлғаларды дропперлер деп атайды. Алданғанын түсініп, есепшотындағы барынан ажырап, банктерге берешек болып қалғанда азаматтардың құзырлы органдарға арыз жазатыны белгілі. Сондайда ең алдымен дропперлер күдікке ілінеді.

Бұрын негізсіз байыту ұғымы заң практикасында сирек қолданылған. Мұндай істер банктік аударым бойынша ақша шоттарға қате аударылған кезде ғана қаралатын. Ал әлеуметтік инженерияның яғни, ұялы телефонды пайдалана отырып, сенімге қиянат жасаған алаяқтардың әрекетінен зардап шеккендер саны күннен-күнге артуда. Алаяқтық қылмысының ұлғаюына орай бүгінгі күні азаматтық сот ісін жүргізуде жәбірленушілер жеке тұлғалардың шоттарына аударған алаяқтық фактісі бойынша талап қоюды кеңейткен. Сәйкесінше «дропперлерден» негізсіз байыту сомаларын өндіріп алу туралы талаптардың өскені байқалады. Статистикалық деректер көрсеткендей, соңғы жылдары республикада мұндай азаматтық істердің өсуі 270 пайыздан асқан.

Сот практикасында айқындалғандай, егер дропперлер арқылы шоттарға ақша түсу фактісі дәлелденсе, онда олар алынған негізсіз байытуды қайтаруға міндетті.

Негізсіз байыту міндеттемесіне қатысты ұғым еліміздің Азаматтық кодексінің 953-960-баптарымен реттеледі. Осы бапқа сәйкес заңнамада немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз мүлкті басқа адамның есебінен сатып алған немесе сақтаған адам негізсіз сатып алынған немесе жинақталған мүлкті соңғысына қайтаруға міндетті. Бірақ, көп жағдайда алаяқтық қылмысынан келген материалдық, моральдық шығынды өндіріп алу өте қиын. Оған бүгінгі сот практикасы айқын дәлел бола алады.

Заманауи жаңашылдықтарды еркін меңгерген алаяқтардың интернеттегі ізін анықтау аса күрделі. Сондықтан, қылмыскерлер өзі емес, көбінесе арам ақшаны азғантай үстемеақыға бола қолма-қол шығарып беріп жүрген дропперлер жауаптылыққа тартылып жатады. Тіпті, несие рәсімдеген алаяқтарды тапқанмен, олардан шығынды қайтару да оңай дей алмаймыз. Өйткені алаяқтар көбіне-көп тапқан табысын, жинаған қаржысын өзінің атына жазбай, туыстарының атына рәсімдейді. Соның кесірінен қылмысы әшкереленген алаяқтардан берешегін өндіру мүмкін емес.

Осындай заңсыздықтардан зардап шегіп, интернет-алаяқтардың құрбаны болмау үшін қаржыны көбейту, құқықтық сауатты арттыру бағытында ақпараттық-насихат жұмыстарын кең көлемде жүргізуді тоқтатпау қажет. Халық банк деректерін, құпия кодтарды бөтен адамдарға бермеуі керек. Дроппер ретінде ақша табуды дағдыға айналдырғандар да оңай келген ақшаның пайда әпермейтінін ұғынуы маңызды. Сонымен бірге, интернет-алаяқтыққа тосқауыл қою тетіктері нағыздан тыс қалмауы тиіс.

**А. ТАКЕНОВА,**  
Жетісу аудандық сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

**КЕЗДЕСУ**

**ЕРЛІКТІ ДӘРІПТЕУ ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТАДЫ**

ҚР ПІМ Академиясында келелі кездесу ұйымдастырылды. Оған Ішкі істер органының құрметті қызметкері, отставкадағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағанбетов, «Заң» журналының бас редакторы Түймеғұл Ибашева, «Юридическая газета» тілшісі Агия Беркимаева мен республикалық Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауының жеңімпазы, жазушы Нұрлыбек Саматұлы қатысты.



Шарада Әмірбек Шаймағанбетов пен Нұрлыбек Саматұлы жазған «Тәуелсіздік қырандары» кітабы таныстырылды. Бұл кітап тек көркем туынды емес, еліміздің тарихынан сыр шертетін, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерлігін баяндаған деректі-көркем жанрдағы ерекше еңбек. Архив құжаттарына сүйене отырып жазылған шығармада сол қылмыстарды ашқан полиция қызметкерлерінің жанқиярлық еңбегі, тергеу барысындағы тәуекел мен табандылық көркем тілмен өрілген.

– «Заң» Медиа-корпорациясы» ұйымдастырып отырған Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы кейінгі кезде сирек жазылатын жанрды тірілтіп қоймай, ізкесуші мамандығына деген қызығушылықты арттырып, терең ойлау, сараптау қабілетін оятады, – деді Әмірбек Шаймағанбетов. Жазушы Нұрлыбек Саматұлы студенттерге арнаған сөзінде құқық қорғау саласының мәнін тереңінен ашып көрсетті. Ол полиция мамандығына тек қызмет ретінде емес, үлкен миссия

ретінде қарау қажеттігін баса айтты.

– Сендер – болашақ полиция қызметкеріңдер. Бұл – жай ғана мамандық емес. Бұл – ел алдындағы борыш, халық алдындағы жауапкершілік. Полиция дегенде менің көз алдыма бүкіл адамзаттың тыныштығын сақтайтын, әділеттілікті қорғайтын, заңға бағынатын, заңның үстемдігін орнататын азаматтар келеді. Сендер – солардың жолын жалғайтын жас буын-

сыңдар. Сондықтан бұл саланы жүрекпен таңдау керек. Себебі бұл қызметтің артында бір адамның емес, тұтас қоғамның тағдыры тұрады. Ал детектив жанры осы мамандықтың нас шеберлерінің ерлігін көрсете отырып, мамандыққа деген қызығушылықты арттыруды көздейді, – деді жазушы. Қызықты дискуссия барысында курсанттар қонақтарға сұрағын қойып, қос тарап арасында емен-жарқын диалог орнады.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫ КЕМШІЛІКТЕН КЕНДЕ ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бір қарағанда, бұл құжатта жұртшылықтың наразылығын тудырған мәселелер ескерілген сияқты. Жиын тізгінін ұстаған Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың айтуына қарағанда, алғашқыда Мәжіліс пен Үкімет арасында көп мәселеге қатысты әр түрлі ұстаным болды. Талқылау барысында депутаттар Үкіметпен бірге жұмыс істеп, қызу пікірталастардан кейін біраз түйткілді мәселе бойынша ортақ шешімге келгендей. Олардың бірі қосымша құн салығының шекті мөлшері. Үкімет ұсынған бұл көрсеткіш 15 млн теңгеден 40 млн теңгеге көтерілді. Қосылған құн салығы бойынша шек 40 млн теңге мөлшерінде белгіленеді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, кітап басып шығару, археология – қосылған құн салығын төлеуден босатылады. Әлеуметтік денсаулық сақтау саласында Үкімет қосылған құн салығынан босатылған дәрі-дәрмектердің әлеуметтік тізімін айқындайды. Қосылған құн салығы тек ақылы медициналық қызметтерге 10 пайыз көлемінде салынады. Әлеуметтік саладағы корпоративтік табыс салығы – 2026 жылдан бастап 5 және 2027 жылдан бастап 10 пайыз болады.

Сонымен қатар салықтар, төлемдер мен алымдар қысқартылып, 12 салықтың орнына 11 болады. 10 төлемнің 2-і яғни, жарнаманы орналастырғаны және лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемдер жойылады. 3 төлемді біріктіру ұсынылады: су ресурстарын пайдалану үшін, орманды пайдалану үшін және жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлемдер табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем болады.

Тағы бір жаңалық салық жеңілдіктері оңтайландырылып, жалпы құны 3 трлн теңгеден астам 128 салық жеңілдігін алып тастау ұсынылып отыр. Корпоративтік табыс салығының базалық мөлшерлемесі 20 пайыз деңгейінде сақталады, бірақ жекелеген секторлар үшін жоғары мөлшерлеме белгіленеді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін мөлшерлеме 3 пайыз деңгейінде қалады.

«Сән-салтанат салығы» деп аталатын тауарлардың жекелеген санаттарына жоғары салық салынбақ.

Ол үшін жылжымайтын мүлік құны 450 миллион теңгеден асатын болса, мүлік салығының мөлшерлемесін ұлғайту ұсынылды. Сондай-ақ құны 75 миллион теңгеден асатын жеңіл автомобильдерге, сондай-ақ қымбат теңіз кемелері мен ұшу аппараттарына акциздер енгізу жоспарлануда. Әділдік мақсатында қымбат алкогольдік сусындар мен сигараларға 10 пайыз акциздер ұсынылады. Осы және өзге де жаңалықтар жайлы айта келіп, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жаңа құжаттың қаржылық негізді қамтамасыз ететін және халықтың кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыратын жаңа әділ салық жүйесін құруға мүмкіндік беретініне сендіруге тырысты.

Ал «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашевтің айтуынша, нарықтың жекелеген субъектілеріне бәсекелестік емес артықшылықтар туғызатын негізсіз жеңілдіктердің қысқаруы оң шешім болды. Сол секілді импортқа салынатын салықтар және контрабандаға қарсы іс-қимыл шаралары өз деңгейінде қамтылды. Өз кезегінде Үкімет бұған дейін келіспей келген сараланған салық ставкаларының енгізілуі үлкен жеңіс. Бастысы жаңа құжат бойынша айқындалған салықтарда тек фискалдық функция ғана емес, төмендетілген мөлшерлемелер арқылы ынталандырушы функция бар.

Салық кодексінің жобасы бо-

...қолданыстағы кен орындары бойынша жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылып отыр. Бұл - 100 миллиард теңгедей қаражат көлеміндегі кірістен айырылу деген сөз. Сол сияқты қатты пайдалы қазбаларды өндірушілер де еңбекақы төлеу қорынан басқа барлық салықтан босатылған. Бұл да қыруар қаражат. Бір ғана «Қазақмыстың» екі жобасы бойынша 5 жылда 343 млрд теңге жоғалтады екенбіз.

Мұны сөз алған депутаттар да атап өтіп, жаңа Салық кодексінде қамтылған талаптардың бірқатарының тиімді болатынын нақты көрсеткіштермен ортаға салып жатты. Мәселен, Мәжілістегі «Республика» партиясының жетекшісі Айдарбек Қожаназаровтың айтуынша, банк секторы бойынша салықтық жеңілдіктерді түзету жұртшылықтың көптен қозғап жүрген мәселесі. «Нәліктен банктер миллиардтаған пайда табады, бірақ шағын бизнес ұзақ және арзан несие ала алмайды?» деген сауалдар қоғамда жиі көтеріледі.

2024 жылы банктер 3 трлн теңге табыс тапты, бұл ретте 2020–2022 жылдары қаржы секторына салық жеңілдіктерінен бюджет шығыны 5,1 трлн теңге болды. Сондықтан үкіметтің банктер үшін корпоративтік табыс салығының жоғары мөлшерлемесі бойынша ұсынысы дұрыс шешім.

йынша депутаттар пікірі екіге айрылған тұстары да бар. Оның бірі өңдеуші кәсіпорындарға берілген жеңілдіктерге қатысты болды. Бірі оны дұрыс десе, енді бірі бұны олардың мүдделерін лоббиілеу деп мәлімдеді. Мәселен, ақжолдықтар Үкіметтің өңдеу өнеркәсібі үшін КТС бойынша 10 пайызға төмендетілген мөлшерлеме туралы ұстанымын қолдады. «Аманат» фракциясы бұл пікірді құптамады. Елнұр Бейсенбаевтың айтуынша, ел бюджетінің кірісін арттыруда ішкі көздерді бағындыру тиімді пайдалану, салықтық жеңілдіктерді қайта маңызды. Бұл тұста біраз түйткіл бар. Жаңа Салық кодексінің жобасында жер қойнауын пайдаланушыларға өте көп салықтық жеңілдіктер ұсынылған. Мәселен, қолданыстағы кен орындары бойынша жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылып отыр. Бұл – 100 миллиард теңгедей қа-

ражат көлеміндегі кірістен айырылу деген сөз. Сол сияқты қатты пайдалы қазбаларды өндірушілер де еңбекақы төлеу қорынан басқа барлық салықтан босатылған. Бұл да қыруар қаражат. Бір ғана «Қазақмыстың» екі жобасы бойынша 5 жылда 343 млрд теңге жоғалтады екенбіз. Осы тектес басқа компаниялардың жеңілдігі триллиондаған теңге болуы мүмкін. Екіншіден, жүргізіліп отырған салықтық реформа нәтижесінде бюджетке 4 триллион теңге кіріс түседі деген болжам бар. Бірақ оның дәлел-дәйекпен негізделген, нақты есеп және рентабельділігі мұның күмән тудыруы заңды. Осы келелі мәселе де жан-жақты зерттелуі қажет. Сонымен қатар Ұлттық қорға иек арту әлі де тоқтамай отыр. Соңғы жылдары одан 28 миллиард доллар алынды. Бұл – кейбір мемлекеттердің бюджетіне пара-пар сома. Жаңа салық кодексінде бұл бойынша да нақты шешім жоқ.

Талқыланып жатқан құжаттың осындай кемшілігі аз емес екенін сөз алған әрбір депутат айтты. Бұл орайда Перуашев ортаға салған деректер еріксіз назар аудартады. Ол бірқатар әріптестерінің ортақ келісімге келді деп қуана айтқан қосымша құн салығының мөлшеріне қарсы болды. Оның айтуынша, бұл талап бизнесті құрдымға кетіретін қате шешім. «Ақ жол» фракциясы қосымша құн салығының шегін жылына 78 млн теңге (20 мың АЕК) деңгейінде сақтау туралы ұсыныс енгізіпті. Себебі, айналымы жылына 15 млн теңге және рентабельділігі 10-15 пайыз болғанда, бизнестің таза пайдасы бүкіл еңбек ұжымына айына 150-200 мың теңге болады. Егер онда кем дегенде 3-5 адам жұмыс істесе, онда олардың жалақысы 50-70 мың теңгеге дейін төмендейді, яғни кедейлік шегінен төмендейді (орташа жалақының 35%). Бұл бизнесті жабу немесе оның көлеңкелі экономикаға түсу қаупін тудырады. Ал бизнестің табысы кем дегенде 3 жұмыспен қамтылғандардың өмір сүруіне мүмкіндік беруі үшін оның жылдық айналымы айына 6-7 млн немесе жылына 80 млн теңгеге жуық болуы тиіс. Сондықтан Үкімет мәлімдеген 40 миллион теңге мәселені шешпейді.

Перуашев мырза Жұманғариннің қазір 40 млн теңге шегінде бюджет шығыны 400 млрд теңге болады деген сөзін теріске шығарды. Шығындар 100 миллиардтан аспайды және бұл олигархтарға емес, мүмкіндіктер шегінде жұмыс істейтін шағын бизнеске жүктеме болады. Сонымен қатар жеңілдетілген режим үшін заңды тұлғалармен мәмілелер бойынша қосымша құн салығын енгізу қосымша бухгалтерлік есепті бөлек

есепке алу және ұстау қажеттілігін тудырады. Бұл көптеген шағын бизнес үшін қиын және салық төлеушілердің қателіктері мен жүйелі бопсалауына әкеледі және жеңілдетілген салық салу идеясының құнын кетіреді. Азат Тұрдыбекұлының айтуынша, жалпы жаңа қосымша салық мөлшерлемесін енгізуге асықпау керек. Өйткені, салықтардың шамадан тыс өсуі экономикаға кері әсер етіп, бюджетке түсетін кірісті азайтуы мүмкін.

Ал, аманаттықтар үшін салық жүйесін оңтайландыру бастамасы аясында сыртқы жарнаманы орналастыру үшін төлемді алып тастау туралы ұсыныс таң қаларлық шешім болыпты. Фракция жетекшісі Бейсенбаев мырзаның айтуынша, негізінде бұл төлем жергілікті бюджеттерге жыл сайын 7-8 млрд теңге мөлшерінде тұрақты түсімдерді қамтамасыз етеді. Оның күшін жою республикалық бюджеттен өтемақы талап етеді, бұл қаражат тапшылығы жағдайында орынсыз шешім. Сонымен қатар, бұл жарнаманы бақылаусыз орналастыруға және қалалық абаттандырудың нашарлауына әкелуі мүмкін. Бүкіл әлемде сыртқы жарнама үшін ақы алынады. Бұл бизнестің азаматтар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің бір бөлігі.

Депутат Магеррам Магерамовтың айтуынша салық салынатын сән-салтанат деп санауға болатын мүлік қатарына жеңіл автомобильдер мен басқа да моторлы көлік құралдары, кемелер, әуе кемелерімен қатар құны ондаған миллион теңгені құрауы мүмкін антиквариат немесе зергерлік бұйымдар да қамтылуы керек еді. Салық заңнамасы және жалпы елдегі салық саясаты көптеген жылдар бойы сын мен наразылықтың өзгермейтін нысаны болды. Енді тағы да жеке консультациялық немесе әдіснамалық кеңес құру арқылы Үкімет өзінің тікелей міндеттерін жеке органға ауыстыруға тырыспақ. Сонда үкіметтің көптеген аппараты не үшін қажет? Салық салу мәселелері жөніндегі әдіснамалық (бұрынғы консультациялық) кеңесті «ҚКП» фракциясы процесті бюрократияландырудың кезекті өнімі ретінде ғана көреді. Биліктің атқарушы құрылымына Үкімет ішінде тиімді және үйлесімді жұмысты жолға қою, кадрларды сапалы іріктеуді жүзеге асыру қажет. Сонда жеке құрылатын Кеңестің көмегінен салықтық әкімшілендіруді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

ТҰЛҒА

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Зейнолла Сәнік – қазақ руханиятына мол мұра қалдырған жазушы, баспагер, тарихшы, этнограф.

Оның «Басбай», «Қазақ этнографиясы» секілді туындылары Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрсе, 2017 жылы Алматыдағы «Ән-Арыс» баспасынан көптомдық шығармалар жинағы басылып шықты. Бұл жинақ Зейнолла Сәніктің шығармашылық әлемін тұтас қамтып, ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды еңбек. Көптомдыққа енген «Сергелдең» тарихи романында атақты батыр Қабанбай (Ерасыл) Қожақұлұлының інісі Тұматай ұрпақтарының аумалы-төкпелі заманда Арқадан Тарбағатайға, одан Алтай асып, Гималайдан Үнді мұхиты арқылы Қара теңізге дейін сергелдеңге түскені баяндалады. Роман желісі ел тағдыры мен халықтың тарихи көші-қонын терең суреттейді. Ал «Басбай» романы мен «Басбай туралы әңгіме-жырлар» атты деректі шығармаларында Шыңжаң

қазақтарының арасынан шыққан меценат, тарихи тұлға Басбай Шолақұлының өмірі мұрағат құжаттары арқылы жан-жақты сипатталады.

Зейнолла Сәніктің «Із» атты биографиялық хикаяты қаламгердің өзі басынан кешкен оқиғалар негізінде Шыңжаңдағы қазақ зиялыларының өмірі мен тағдыры жайлы сыр шертеді.

«Сергелдең», «Басбай» тарихи романдары мен әңгімелері, новеллалары, «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай» атты тарихи эсселері Зейнолла Сәнікті халыққа жазушы ретінде кеңінен танытты.

Тарихшы ретінде Зейнолла Сәнік XIX ғасырдың орта шені мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Сулеймен би Әділбекұлы сынды тұлғалар жөнінде терең зерттеулер жазған. Оның қаламынан «Найман шал және Төлегетай баба», «Қаракерей абыз»,

«Қожабай шешен», «Тұғырылхан» тәрізді көптеген тарихи эсселер мен очерктер туған.

Зейнолла Сәнік негізінен халыққа этнограф ретінде жақсы танылды. Оның мәдениеттанушы, этнограф Жанат Зейноллақызымен бірігіп жазған «Қазақ этнографиясы», «Рухани этнография» деп аталатын еңбегі ел үшін өте бағалы еңбек болып саналады.

Қаламгердің «Ұлы Жібек жолы» мәдениеті мен оның қазақ халқына әсері жөніндегі еңбектері де назар аударарлық. Ол «Дала Жібек жолы», «Жібек жолы мәдениетінің қазақ халқына жасаған ықпалы», «Абылай ханның сауда тоғанақтары», «Тарихтағы сахара Жібек жолы саудасы», «Тарихтағы «Үрімжі қазақ саудасы», «Тарихтағы «Құлжа қазақ саудасы», «Күпия шежірені кім жазған?», «Керей этнонимі мен найман этнонимі» секілді мақалаларында Шығыс пен Батысты байланыстыратын өркениеттік жолдың тарихтағы маңызын кеңінен ашты.

Оның түркілік жазба мұра-



ларға қатысты «Ежелгі Қытай жазбаларындағы түркі (қазақ) қаламгерлері», «Ежелгі этностар және бүгінгі қазақтар» сынды мақалалары – түркітану ғылымына қо-

сылған сүбелі үлес. Бұл еңбектерінде автор көне жазбалар арқылы қазақ халқының этногенезін ғылыми тұрғыда зерделеген.

Зейнолла Сәнік – шежіре-

танушы ретінде де танымал. Оның «Шыңжаң қазақтарының шежіресі», «Қазақ шежіресі», «Найман шежіресі» сияқты еңбектері қазақ руларының шығу тегі мен тарихи-географиялық орналасуын нақты деректер арқылы сипаттайды. Бұл зерттеулер ұлттың тарихи жады мен ішкі бірлігін сақтау жолында маңызды қызмет атқарады.

Сонымен қатар, Зейнолла Сәніктің «Қазақ мақал-мәтелдеріндегі философиялық көзқарастар», «Қазақ мифологиялық аңыздарының қоғамдық негізі», «Қазақтың хайуанаттар туралы ертегілері», «Тәрбиелік мәні бар аңыздар» сынды әдеби-танымдық еңбектері оны фольклортанушы ретінде де айқындайды.

Зейнолла Сәнік ұлт руханиятының шамшырағы бола білді, оның артына қалдырған он бес томдық мұрасы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар рухани қазына. Ол қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, дүниетанымы мен өмір салтын зерттеу арқылы, болашаққа жол сілтеген ірі тұлға.

Дәулет ҚАЙРАТҰЛЫ,  
эл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ, журналистика  
факультетінің  
1-курс студенті

Жетекшісі:  
Н. ТЛЕУБАЕВА

**БАҒДАР**

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ИЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, Конституциялық Соттың жұмысы халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыруды талап етеді. Әр азамат өз құқығын білуі және оны қорғау жолдарын түсінуі маңызды. Бұл үшін мемлекет пен қоғам тарапынан түсіндіру, құқықтық ағарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Конституциялық Сот тек құқық бұзылған кезде ғана емес, жалпы қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды.

Бүгінгі таңда Конституциялық Соттың жұмысы Қазақстанның демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде дамуына жаңа серпін беруде. Бұл орган арқылы азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді диалог орнауға. Әрбір азамат өз құқығының қорғалғанына

сенімді болу үшін Конституциялық Соттың мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуі керек.

Аталған органның құрылуы және оның қызметі ҚР Конституциясының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуге, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандығын қорғауға қатысты қоғам мен мемлекеттің сұранысына сай келеді. Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, елімізде бірегей саяси реформалар жүзеге асырылуда. Соның ішінде азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға әрдайым баса мән беріліп келеді. «Заңдардың заңын», яғни Конституцияны қорғайтын бұл сот жұмысы ел алдында, азаматтар алдында және Ата Заңның алдында үлкен жауапкершілікке ие.

**Қазила САҒЫНДЫҚОВА,**  
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

**ҚЫЗМЕТ**

# АЛҚАБИЛЕР – ХАЛЫҚ ӨКІЛІ



Алқабилердің қатысуымен сотта қаралатын санаттағы істер бойынша айыпталушы, сотталушы Қылмыстық-процестік кодекс талаптарына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында және де алдын ала тыңдауды өткізу аяқталғанға дейін өзіне қатысты қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен

өткізу туралы өтінішін беруге құқылы. Осындай өтініш беріліп, оны қолдаған жағдайда міндетті түрде қылмыстық іс алқабилердің қатысуымен қаралады.

Судья алқабилердің қатысуымен басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда келушілердің саны кемінде 25 адам болатындай етіп сот отырысына шақырылуға тиісті алқабиге кандидаттардың жалпы санын анықтайды. Қаулы шығарылғаннан кейін сот отырысының хатшысына саны қаулыда көрсетілген алқабиге кандидаттарды алқабиге іріктеу үшін олардың сот отырысына келуін қамтамасыз ету туралы өкім береді. Судьяның өкімі бойынша сот отырысының хатшысы алқабиге кандидаттарға сот отырысына келу туралы хабарламалар жолдайды. Сот отырысының орны мен басталу уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтардың дәлелсіз себептермен келмей қалуы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай (жылдық) тізімнен алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ

таңдауды жүргізеді. Сол таңдалған адам сот отырысына алқабиге ретінде жылына бір реттен артық қатыса алмайды. Төрағалық етушімен сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды іріктеу өткізіліп, яғни алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босату, өздігінен бас тарту және қарсылық білдіру туралы мәселелері шешіліп, істі қарайтын алқабилер құрамы құралады.

Қылмыстық істер құрамында 1 судья және 10 алқабилермен қаралады (алқабилерді іріктеу кезінде 12 адам сайланады, оның ішінде екі алқабиге қосалқы болып табылады және егер алқабиге негізгі құрамнан шығып қалса, қосалқы құрамның алқабиге істі қарауға қатысады).

Алқабиге облыстық және оған теңестірілген соттың қызметін материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган нақты іс қаралып болғаннан кейін, ал егер істі қарау созылатын болса, ай сайын бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазым-

дық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмысы орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төлейді. Алқабиге, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Қылмыстық істі жүргізетін орган, егер сотта міндеттерін атқарушы алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ аталған адамдардың қауіпсіздігіне немесе олардың мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталған жағдайларда, алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, «Алқабилер туралы» заңда көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттетуге мүмкіндігіне әкеп соғады.

Еліміз заң үстемдігі орнаған әділетті қоғам орнатуға батыл қадам басты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сот жүйесінде ашықтықты қамтамасыз ете отырып, әділдікті бұлжытпай сақтау бағытында реформалар жүріп жатыр. Еліміздің сотқа сенімін арттыруда қарапайым халықтың өкілдері болған алқабилердің орны бөлек.

**Райхан РАТОВА,**  
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы

**ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА**

Соңғы кездері алаяқтық асқынып барады. Халқымыз қашанда «Адамның ала жібін аттама» дегенді жас ұрпақтың құлағына құйып өсірді. Бұл адамгершілік тәрбиенің бір көрінісі ретінде бағаланды. Өкініштісі, қазір сол асыл қасиет ортамыздан жоғалып бара жатқан секілді. Қашанда елді алдау адамды жарға жығады. Бұл жөнінде Қылмыстық кодекстің 190-бабында алаяқтық қылмысына 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Оған сәйкес мүлкті тәркілеу, белгілі бір қызмет түрімен айналысуына шектеу қою қарастырылады.

# ДАЙЫН АСҚА ТІК ҚАСЫҚТАР КӨБЕЙДІ



**Н. МЕЛДЕБАЕВ,**  
Астрахан аудандық сотының төрағасы

Алаяқтық кезінде алдау ауыша, сонымен қатар жазбаша нысанда болуы мүмкін. Жымқыру кезінде жалған құжаттарды пайдалану алдау нысандарының бірі болады. Сондай-ақ, қазіргі технология дамыған кезеңде алаяқтық жағдай күрделене түсті. Интернет пен цифрлы технологияны пайдалана отырып, өзінің жымқыру әрекетін жүзеге асыратын адамдар бар. Бұл оған қатысты қылмыс түрлерін түбегейлі өзгертті.

Интернет пен цифрлы технологиялардың кеңінен таралуы жаһандану құрылымын ғана емес, қылмыс әлемінің сипатын, соның ішінде қылмыс түрін түбегейлі өзгертті. Қазір бәріміздің өмірімізде цифрлы технологиялар маңызды рөл атқарады.

Бүгінде жаһандық желі игілігін пайдалана отырып, виртуалды қызметтер мен өнімдерге қол жеткізуге мүмкіндік алған едік. Нәтижесінде соңғы 10 жылдың көлемінде интер-

нет көзі арқылы жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық көбейді. Бас прокуратура интернет-алаяқтыққа байланысты ел тұрғындарына үндеу жариялап та жатыр. Жат әдеттің көбейіп бара жатқанын айтып, қазақстандықтарға ескерту жасады. Азаматтардың әлеуметтік желілердегі онлайн сауда мен танымал сайттар арқылы алаяқтық құрбаны болу көрсеткіші айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, қылмыскерлер онлайн – қарыз алу жолымен және банк карталарынан ақша жымқырады. Алаяқтар көбіне құрбанына инвестиция салу, бәс тігу ойынын және лотереяны жарнамалайды. Жалпы айтқанда, интернет алаяқтықтың көбейіп кетуіне мұның бәрі себепкер.

Сондай-ақ, микро кредиттік ұйымдардың сайттары арқылы онлайн қарыз рәсімдеу жағдайы көп кездеседі. Қазіргі таңда қаржы пирамидалары өзін жоғары табысты инвестициялар саласындағы табысты ұйымдар ретінде көрсетеді. Өздерін жарнамалау мәселесіне ерекше назар аударады. Бұл бағытта «инновациялық жоба», «жоғары табысты бизнес», «табысқа кепілдік береміз» деген жалған уәделерді үйіп-төгеді. Осы мақсатта заңды микро қаржы ұйымдар, букмекерлік кеңселер, тұтыну кооперативтерін пайдалануға тырысады.

Қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар әлеуметтік желіде қарқынды әрекет жасайды. Белсенді жұмыс жүргізіп, онлайн-табыс немесе жоғары табысты онлайн-жобаны ұсынады, танымал мессенджерлерде чаттар құрып, қатысушыларды түрлі ұтыс ойындарымен, сауалнамалармен және басқа да маркетингтік амалдармен тартады.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



**ГЕНДЕР**

# ТЕҢҚҰҚЫЛЫҚ ТОЛЫҚҚАНДЫ ТҮЛҒАЛЫҚҚА БАСТАЙДЫ


Мемлекет басшысы бекіткен Гендерлік теңдік стратегиясы негізінен ерлер мен әйелдердің теңдігіне қолжеткізу мақсатындағы билік пен қоғамның өзара тиімді әрекет етуіне бағытталған. Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

Қазіргі кезде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасауға белсенді түрде, кең көлемді жұмыстар жүргізіп жатыр.

Бұрын «Әйел теңдігі» ұғымы мәселе болса, қазіргі таңда ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласып, Мемлекет басшысының қолдауымен осы гендерлік теңдік

аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң қабылданды және ҚР Президенті жанындағы отбасы істері мен демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істеуде.

Қазақстанда Гендерлік теңдік стратегия-



сын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітудің іске асыруы үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Гендер ұғымы тек қана әйел теңдігін қорғайтын бағыт немесе оның құқықтарын

асыра пайдалануды көздеуге бетбұрыс деп қана түсінуге болмайды. Гендер – тек әйелдің ғана емес, ер адамның да тұлғалық ерекшеліктерін қорғайтын, ал кемсітушілік болған жағдайда оның да мүддесін сақтауға атсалысатын қоғамдық үдеріс.

Жылдан-жылға гендерлік білім беру жас ұрпақтың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуында өзіндік оң нәтижесін беріп келеді.

**Райхан ЖАКИНА,**  
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімші бас маманы, сот отырысының хатшысы

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Айбек АМАНГЕЛДИН,

Астана қалалық мамандандырылған өкімшілік сотының судьясы:

# «ЖАҢА МОДЕЛЬ ЖҰРТШЫЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒАРЫ АНЫҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кассациялық соттар қалай жұмыс істейді? Олардың құзыреті қандай болмақ?

– Заңға сәйкес, Жоғарғы Сот кассациялық саты болуды тоқтатады, арнайы кассациялық соттар құрылады. Атап айтқанда, кассациялық соттарды Президент аймақаралық сот мәртебесімен құрады деп айтылды. Кассациялық сот судьяларының жалпы санын Президент Жоғарғы Сот төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынысы бойынша бекітеді. Кассациялық сот сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды, сот практикасын зерделейді және оны жалпылау қорытындысы бойынша төменгі сот сатыларының сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды. Заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, кассациялық соттардың өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы, сондай-ақ осы соттардың судьялары мен төрағаларына қойылатын талаптар белгіленген. Кассациялық соттардың судьялары үшін кемінде 18 жыл заң өтілі не кемінде сегіз жыл судьялық өтілі, оның ішінде облыстық соттың судьясы болып жұмыс істеген үш жылдық тәжірибенің болуы шарт. Кассациялық соттың төрағасы болу үшін судья лауазымында кемінде 10 жыл жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық соттың судьясы ретінде бес жыл жұмыс өтілі талап етіледі. Осылайша, Қазақстанда кассациялық соттар құру Сот төрелігінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға бағытталған.

– Мұндай өзгерістің орын алуына не түрткі болды?

– Еліміздің сот жүйесінде 2013 жылдан бастап әртүрлі өзгерістер орын алды. Кейде тараптардың келіспеушілігі облыстық соттар деңгейінде қаралды. Мысалы бұрын об-



лыстық соттың апелляциялық соты және кассациялық соты болды. Бұл дұрыс емес. Бір соттың аясында бір-бірінің шығарған шешіміне бақылау жасау тәуелсіздік, әділеттілік, объективтілік қағидаттарына қайшы келетін үрдіс. Жаңа реформалардың арқасында осы олқылықтың орны толды. Бүгінгі таңда талаптар Жоғарғы Сотта кассациялық тәртіппен қаралады. Бұл олардың жүктемесін тым көбейтті, азаматтармен байланысты азайтты. Өйткені, Жоғарғы Соттың істерді қараудан өзге жұмыстары өте көп. Талаптар көп түсетін азаматтық істер шешімі бойынша сот отырысы өтпейді. Оны судья өзі жеке қарап, негізсіз деп талса қаулысын шығарады. Егер онымен тараптар келіспей, прокурор наразылық білдірсе өзінің шешімімен алқалы түрде қарауға ұсынады. Бұл жерде сотқа тартылған тараптармен кездесу,

*Президенттің тапсырмасына сәйкес кассациялық 3 сот құрылды. Оның негізгі мақсаты барлық істер бойынша жаппай кассация орнату, яғни істерді іріктелмейді, бөлмейді. Барлығын алқалы түрде үш судья қарайды, барлығы қолжетімді. Азаматтық істер бойынша бұл шара кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Өйткені, бұл сала бойынша жүктеме өте көп. Статистика көрсеткендей бүгінгі күні кассацияда өтініштердің шамамен 5%-ы ғана кассацияда қаралады. Кассацияның жаңа моделін енгізудің арқасында бұл көрсеткіш 100% болады. Мұндай тәсіл әркімнің өз ісін үш сот сатысында: бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыда қарауға құқығын қамтамасыз етеді.*

олардың уәждеріне, өтініштеріне құлақ салу жоқ. Олар тыңдалмайды. Қылмыстық істер алқалы тәртіппен қаралады. Онда тараптар тыңдалатын сот отырыс өтеді. Ал, әкімшілік іс бойынша сот тікелей өтеді. Онда алдын ала тыңдау деген жоқ. Оларда талқылауға негіз бар ма, жоқ па, бәрібір, жаппай кассация

жүзеге асырылады. Осы тұрғыда жұртшылық тарапынан сындар көп айтылды. «Неге азаматтық істерде мұндай тәртіп жоқ? Азаматтар неге судьямен бетпе-бет келіп, өз уәждерін айта алмайды?» – деген сауалдар үнемі қойылып келді. Сондықтан Президенттің тапсырмасына сәйкес кассациялық 3 сот құрылды. Оның негізгі мақсаты барлық істер бойынша жаппай кассация орнату, яғни істерді іріктелмейді, бөлмейді. Барлығын алқалы түрде үш судья қарайды, барлығы қолжетімді. Азаматтық істер бойынша бұл шара кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Өйткені, бұл сала бойынша жүктеме өте көп. Статистика көрсеткендей бүгінгі күні кассацияда өтініштердің шамамен 5%-ы ғана кассацияда қаралады. Кассацияның жаңа моделін енгізудің арқасында бұл көрсеткіш 100% болады. Мұндай тәсіл әркімнің өз ісін үш сот сатысында: бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыда қарауға құқығын қамтамасыз етеді.

– Ал Жоғарғы Сот қандай жұмыстармен айналысады? Ондағы судьялар саны қысқартыла ма?

– Кассациялық соттардың құрылуымен сот практикасының бір-бірінің қамтамасыз етуге бағытталған Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді. Жоғарғы Соттың штат саны 35 судьяға дейін қысқарады. Жалпы Жоғарғы Сотта қазіргі таңда атқаратын жұмыс өте көп. Біріншіден құзырлы ұйым бүгінде кассациялық тәртіппен істерді қарайды. Екіншіден, ол осы еліміздегі сот тәжірибесінің бір-бірінің қамтамасыз етуге міндетті. Сондықтан сот

болмады. Десе де, Жоғарғы Сот бұл істен мүлде тыс қалмайды. Бұл құзырлы орын еліміздің экономикасына басқа азаматтардан қауіп төнуі мүмкін жағдайларды, Бас прокурордың наразылығы жасалған шешімдерді Жоғарғы Сот судьясының ұсынысына сәйкес кассациялық тәртіппен қарауы мүмкін. Яғни, Жоғарғы Сотқа да қолжетімділік бар. Бірақ оның қайта қарау тетігі күрделенді.

– Бұрынғы кассациялық соттар істерді таңдап қарайтын. Ал істерді жаппай қарау сот жүктемесін арттырып жібермей ме?

– Қазіргі таңда бұл мәселе Жоғарғы Сотта талданып, талқыланып жатыр. Меніңше бұл соттар тек кассациялық тұрғыда қарайтын болғандықтан жүктемелері көп болмайды. Тұтастай алғанда кассациялық соттар істерді қараудың бір-бірінің қамтамасыз етеді. Жаппай бір тәртіппен жұмыс істейді, оларды өз құзыреті шегінде сот актілерін қарап талдайды. Халыққа қолжетімді болады. Кассациялық соттардың тағы бір ерекшелігі – олар тек Астанада жұмыс істейтін болады. Бұл кассациялық инстанция тәуелсіздігінің қосымша кепілі. Соттар «үздіксіз кассация» қағидаты бойынша функцияларды орындайтын болады. Бұл шағымдарды алдын ала зерттеу жойылатынын білдіреді, яғни олар бірден өндіріске қабылданады және мәні бойынша қарастырылады.

– Әлемдік тәжірибе қалай? Кассациялық соттар қай елдерде бар? Оларда бұл жүйе өзін ақтаған ба?

– Иә, бүгінде бұл соттың Еуропада екі үлгісі бар. Мен құқықтық тұрғыда дамыған екі елдегі тәжірибесін айтып кетейін. Оның бірі Германияда кассациялық сотта жаппай кассация бар. Ол бірақ селекция деп аталады. Яғни, бұл елде істер селекция арқылы таңдалады. Федералды жоғарғы сот барлық істі қарамай, бұл тұрғыда құқықтық тұрғыда ерекше, қызықты істерді іріктеп алады. Яғни, практикалық сипаты бар істерді қарап, бір істің аясында, мына дауды мына бағытта қарауға болады деп, барлық соттарға бағыт-бағдар береді. Олардың басы мақсаты осы тәжірибе негізінде елдің құқықтық саласын дамыту. Францияда да жаппай кассация бар. Оларда барлық істер аралас әрі қысқа қаралады. Бұл тұрғыдан бізге ұқсастығы бар.

– Ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## МІНБЕР

# СУДЬЯ АДАЛДЫҚТЫҢ, ДЕРБЕСТІКТІҢ ҮЛГІСІ БОЛУЫ КЕРЕК

«Судья өз шешімдерінде кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін анықтап қана қоймай, жоғары моральдық ұстанымдарды әрдайым басшылыққа алуы тиіс», – деген екен белгілі Рим философы Сенека. Расында заң мен арды қатар ұстаған судьяның ғана таразысы тең тартып, шешімі тараптар тарапынан талассыз мойындалары хақ.

Судьялардың Әдеп кодексін қабылдаудың сот саласы үшін маңызы зор. Бұл кодекс судьялардың қызметтегі ғана емес, қызметтен тыс уақыттағы әдебіне қатысты талаптарды белгілейді. Әдеп кодексі басты бағдарына айналған әрбір судья сот жүйесінің беделіне нұқсан келмеуі үшін әрі сотқа деген азаматтардың сенімін нығайту үшін теріс қылықтардан бойын аулақ салуы тиіс.

Судьялардың Әдеп кодексінде қоғамның, азаматтардың сотқа қатысты пікірлері мен талаптары толық ескерілген. Бұл қағида 1996 жылы қабылданған Әдеп кодексінде де басты назарда тұрған еді. Республика судьяларының I съезінде қабылданған Әдеп кодексі қазылардың этикалық міндеттемелерінің алғашқы әліппесін жасауымен тарихта қалары белгілі. Содан бергі уақыт ішінде бұл кодекс бірнеше рет жаңғыртылып, заманауи қажеттіліктерге

сай өзгерістер мен толықтыруларды басынан кешірді. Ал 2024 жылы республика судьяларының XIX съезінде қабылданған Әдеп кодексін халықаралық нормалар іріктеле отырып, көпшіліктің қатысуымен дайындалған бірегей құжат деуге әбден негіз бар.

Әдептілік нормаларын жинақтаған жаңа кодексті дайындауға үлкен күш-жігер жұмсалды. Судьяның негізгі этикалық талаптары елеусіз қалмауы үшін бұл құжатты әзірлеуге барша судьялармен қатар, ардагер қазылар да барынша үлес қосты. Сонымен қатар Әдеп кодексін дайындауға сотпен бірге етене жұмыс істейтін прокуратура, адвокатура, құқық қорғау органдарының өкілдері мен отандық ғалымдар, заңгерлер, үкіметтік емес ұйым мүшелері бір кісідей аталысты. Кодексті құрастыру барысында шетелдік әріптестердің тәжірибесі, қоғамның қажеттілігі, судьялар күнделікті жұмыста бетпе-бет келіп жүрген толғақты мәселелер толық шешімін тапты.

Әдеп кодексінің жобасы республиканың барлық соттарында кең ауқымда талқыланды. Осындай ашық диалог барысында әрбір судья әдептілік қағидатына байланысты өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Судьялардың XIX съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та судья-

лардың жаңа Әдеп кодексін қабылдауын қолдайтынын айтып: «Жалпы, судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті Сот жюриі тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл», – дей келе судьялар бағдар етер негізгі басымдықтарды айшықтап берді.

Әдеп кодексі соттардың тәртібінде биік стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түседі. Құжаттың Венециялық комиссияның оң қорытындысын алғанын да мақтанышымен атауға болады. Кодекстегі жоғары стандарттар судьяларға өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалауға және олардың тәуелсіздігі мен объективтілігіне күмән келтірмеуге бағытталған. Құжаттағы биік нормаларды ұстанған судьялар өз қызметін моральдық-этикалық қағидалар негізінде құра отырып, сотқа деген сенімді нығайтары күмәнсіз.

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,  
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

## БІЛГЕН ЖӨН

Салық мемлекет пайдасына жиналатын міндетті төлем екені белгілі. Осы төлемдердің көлеміне қарап мемлекет бюджетті жоспарлайды. Салық төлеушілер тарапынан салық есептілігін толтыру кезінде көптеген қателіктер орын алады.

## КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ – САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ҚАШЫҚТАН БАҚЫЛАУ МҮМКІНДІГІ

Соның ішінде камералдық бақылау туралы ақпарат берудің артықшылығы жоқ. Бұл тетік салық органдарына бақылау шараларын қашықтан жүргізуге мүмкіндік береді. Бүгінгідей әрбір сәт бағалы уақытта камералдық бақылаудың салық органына да, салық төлеушілерге де тиімді тұсы баршылық. Айталық, осы бастаманың көмегімен салық төлеушілер салық есептілігінде анықталған бұзушылықтарды дербес жоя алады. Ал құзырлы орган өкілдері арнайы барып тексермей-ақ салық төлеушілердің декларацияларда көрсеткен мәліметтерін салыстыру арқылы, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін талдау негізінде камералдық бақылауды автоматтандырылған режимде жүзеге асырады.

Камералдық бақылауды жүзеге асыру тетібі Салық кодексінде анық көрсетілген. Оған сәйкес, камералдық бақылау жөніндегі хабарлама салық есептілігін ұсыну немесе түсініктеме беру деген екі тәсілмен орындалады. Камералдық бақылауды жүргізудің түпкі мақсаты – салық төлеушінің салық органдарында тіркеу есебіне қою және Салық кодексінің 587-бабына сәйкес салық есептілігін ұсыну. Сонымен бірге салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жолы мен камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру.

Мұндай бақылау салық органдарында бар салық есептілігі, салық салу объек-

тілері және салық салуға байланысты объектілер туралы өзге де мемлекеттік органдардың мәліметтері, салық төлеушінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізіледі. Егер камералдық бақылау барысында бұзушылықтар анықталған жағдайда оның сипаттамасын ұсына отырып, салық төлеушіге кемшіліктерді жою туралы хабарлама жолданады. Салық төлеуші хабарламаны алғаннан бастап отыз жұмыс күні ішінде кемшілікті жояды. Осы мақсатта салық төлеуші анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме беруі немесе осы хабарламаны жолдаған салық органдары лауазымды адамдардың әрекетіне шағым беруі қарастырылған. Камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда Салық кодексінің 611-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады. Мұндай жағдайға жол бермес үшін салықты уақытында төлеп, салыққа байланысты құжаттарды сауатты толтыру керек.

Барахан ҰЛАФАТ,  
Алатау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімінің бас маманы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЛЕБІЗ

## ОТАНДЫ СҮЮДІҢ ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы үш жастағы атыраулық балаға алғыс хат жолдады. Бұған дейін Атырауда тұратын 3 жасар Дінмұхаммед Жұмажанның шашылған қоқысты жинаған түсірілімі тарап, көпшілік оған сүйсінген еді. Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов балақай мен оның ата-анасымен кездесіп, Мемлекет басшысының алғысын тапсырды.



тәлімді тәрбиенің жемісі, нағыз отансүйгіштіктің үлгісі, – деді Серік Шәпкенов.

Балақайдың әкесі Ержан Хайрошевтің айтуынша, тұрғындардың бірі ұлын видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеген.

**Е. КЕБЕКБАЙ**  
АТЫРАУ

– Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы уақытша іс-шара емес, әр азаматтың күнделікті атқаратын ісіне айналып отыр. Кейде көп сөзден гөрі осындай нақты қадамның әсері өзгеше болады. Дінмұхаммед әлі де ойын баласы болса да, оның әрекеті көпке ой салды. Бұл – отбасындағы

БІР МҮДДЕ

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына 2024 жылдың 5 шілдесінде енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап үш дербес кассациялық сот құрылады.

## СЕНІМ КЕПІЛІ

Кассациялық сотқа істер алдын ала қараусыз үш судьядан тұратын алқаға тікелей түсетін болады.

Кассациялық сотқа соттың қаулысына қанағаттанбаған тараптар апелляциялық алқадан кейін шағымдана алады. Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарау белгілі бір негіздер бойынша ғана мүмкін болады.

Кассациялық сот – сот шешімдерін қабылдау кезінде заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, төмендегі саты шығарған сот шешімдерін қадағалайтын және түзететін сот жүйесінің бір түрі болмақ.

Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру төрелік сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті. Бұл сот жүйесін заңсыз шешімдерден тазарту функциясында қызмет атқарады деп жоспарлануда. Төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе

негізсіз деп танылса, кассациялық сатыдағы сот оның күшін жойып, істі жаңадан сот талқылауына жіберуі немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Осылайша, кассациялық сот заң тәжірибесінде, прецеденттерді белгілеуде, құқықтық тәжірибені қалыптастыруда және дауларды шешуге ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

Кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді. Оның жұмысы сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағытталады. Жоғарғы Сот алдын ала қарау институтын жоюды, «толық кассацияны» қолдануды, қаралуы алты айдан аспайтын «ақылға қонымды мерзім» белгіледі, сондай-ақ тараптардың міндетті түрде қатысуымен сот процесін жүргізуді ұсынады.

Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді.

**Ақмарал НҰРЫМ,**  
**Ақжайық аудандық соты**  
**әкімшісінің басшысы**  
**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ПӘРМЕН

## МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының мектеп-интернаты бастауыш сынып мұғалімі лауазымына конкурс жариялап, оған 5 үміткер қатысқан. Солардың бірін конкурстық комиссия жеңімпаз деп таныған және ол бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа қабылданған.

Тағы бір үміткер бұл шешімге сотта қарсылық білдіріп, конкурс жеңімпазының еңбек өтілі бір жыл ғана екенін, ал оның жұмыс өтілі мен жетістігі ескерілмегенін көрсетті. МАЭС талапты қанағаттандырды, мектеп-интернаттың қабылдау комиссиясының заңсыз деп танылуды және күші жойылды. Байқау жеңімпазы бұл шешімге шағымданды.

Қызылорда облыстық соты істің мән-жайын зерделеп, конкурс бұрын да өткізілгенін, бірақ ұйымда анықталған бұзушылықтарға байланысты уәкілетті органның нұсқамасына сәйкес қайта өткізілгенін атап өтті.

Конкурсты қайта өткізу барысында тағы да бұзушылықтар жіберілген: – құжаттарды қабылдау мерзімі сақталмаған; – конкурсты өткізу туралы хабарландыру конкурстық комиссия отырысына бір күн қалғанда орналастырылған және оның қорытындылары бірден жарияланған.

Конкурстық комиссия талап қоюшы ұсынған сертификаттарды ескермей, жеңімпаздың бағасын негізсіз арттырған және оның себебін негіздемеген. Істі қарау барысында конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібінің бұзылғаны, кандидаттарды бағалаудың дұрыс жүргізілмегені анықталды.

Осыған байланысты, апелляция бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз қалдырды. Әкімшілік әділетті қалыптастырудағы соттардың басты миссиясы – билік органдарымен даудың әлсіз жақтарын қорғау, әкімшілік органдардың қызметін реттеу болып табылады.

Облыстық сот Ағарту министрлігінің білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне анықталған бұзушылықтар бойынша жеке ұйғарым жіберді.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

ФОРУМ

Кентау қаласында жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған маңызды шара – «Болашаққа мүмкіндік – Жаңа өмір» атты форум өтті.

Аталған шараны қала әкімдігі мен қалалық прокуратура, қалалық полиция бөлімінің ұйымдастырды. Онда сотталған адам жазасын өтеп шыққан соң, оның қоғамға бейімделу процесін бақылау және қадағалау жайында сөз қозғалды.

## «АДАСҚАНЫҢ АЙЫБЫ ЖОҚ, ҚАЙТА ҮЙІРІН ТАПҚАН СОҢ»

Форум ең алдымен ойнап жүріп от басып, өз өміріне балта шауып, түрлі қылмыс жасап, темір торға тоғытылған адамның ісінің көрінісінен басталды. Ол жазасын өтеп шыққаннан кейін өзінің істеген қателігіне қатты өкінетінін де көрсетті. Сотты болғаны үшін қалаған жұмысына кіре алмай сан соққан адамның өкініші өзегін өртегені де жасырын емес. Өз қателігін түзеу үшін мемлекеттің сол азаматтарды қоғамға бейімдеуге арналған мүмкіндіктерін айқын көрсеткен көрініс іс-шараға қатысушылар мен жастарға ой салғаны анық.

Бүгінгі форумның басты мақсаты – алдағы уақытта сотталғандардың арасында қайта қылмыс жасау деңгейін төмендетуге ықпал ететін тиімді жағдайларды жасау, жол бермеу, алдын алу және болдырмауға кешенді шаралар қабылдау.

Қала әкімі Жандос Тасов қылмыстың салдарымен күрескеннен гөрі оның алдын алу маңызды екенін атап, өскелең жас ұрпақты заңды сақтап, адал еңбек етуге шақырды.

Қалалық прокурор көмекшісі Олжас Жорабеков пен қалалық полиция бөлімінің басшысы, полиция полковнигі Еркеғали Мейірбеков қаладағы пробация қызметімен, тіркеуде тұрған азаматтармен жүргізіліп жатқан жұмыстар барысы жайында баяндама жасады.

– Бүгін біз сотты болған азаматтардың қайта қылмыс жасауының алдын алу мәселесін талқылау үшін жиналып отырмыз. Яғни, пробациялық бақылау. Пробация – адамдардың қайта қылмыстық құқық бұзушылыққа бармауы үшін

мінез-құлқын түзеуге бағытталған қызмет түрі мен бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралардың заңмен белгіленген жүйесі. Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдерінің ішінде алғашқы болып пробацияның толық жүйесін қабылдаған ел. Кентау қаласында жыл сайын пробация қызметінің есебінен 200-ге жуық адам өтеді.

Қазіргі таңда Кентау қаласы пробация қызметтерінің бақылауында 82 адам есепте тұр. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәліметі бойынша, сотталғандардың қайта қылмыс жасауына олардың түзу жолға түсуге деген ниетінің жоқтығы, тұрақты жұмыс орнының болмауы, ішімдікке салынуы түрткі болады. Сондай-ақ қылмысқа барудағы алғашқы салдарды анықтап қарағанда, көбіне сотталғандардың әлеуметтік бағыттан алшақтауынан, яғни тұрмыстық проблемаларының дұрыс жолға қойылмағандығынан қайта қылмыс жасау орын алады, – деді Кентау қалалық полиция бөлімінің басшысы Еркеғали Мейірбеков.

Полиция полковнигінің сөзіне қарағанда былтыр соттылығы жойылмағандар арасында қайта қылмыс жасау оқиғалары – 43,4 пайызға (53-тен 76-ға) өскен. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда бірі білсе бірі білмес, пробация қызметінің жұмысы көзге көрінбейді. Пробация қызметкерлерімен ішкі істер органдарының қызметкерлері де бірлесіп отырып заң талаптарына сәйкес бірқатар жұмыстарды атқаруда. Сотталғандарды тек қылмыстық жаза ғана емес, қайта тәрбиелеу мен дамыту шараларымен

қамтамасыз ету басты мәселенің бірі болып отыр. Бұл олардың қайта қылмыс жасаудан бас тартуына үлкен ықпал етеді. Пробация қызметкерлерінің тиімді әрекеттерінің арқасында 2024 жылдың көрсеткіші бойынша есепте тұрған



25 адам жұмысқа орналасса, 24 адам ем алуға, 80 адамға 5 АЕК мөлшерінде қаржылай көмек көрсетілді. Сондай-ақ 8 адамның мектеп жасындағы 15 баласы оқу құралдары және ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, барлық есепте тұрған тұлғалар психологиялық көмек алды.

2024 жылдың басынан бері сотталғандардың арасында (пробация есебіндегілер) қайта қылмыс жасау 20%-ға азайған (5-тен 4-ке). Жаза өтеу ережелерін қаскөйлікпен бұзғаны үшін пробация қызметінің ұсынысымен 2024 жылы 17 адамға қатысты іс құжаттар сотқа жолданып 3 азамат бас бостандығынан айырылды. Биыл 7 адамға қатысты іс құжаттар сотқа жолданып 3 азамат бас бостандығынан айырылды.

Қылмыстық кодекске енгізілген түзетулерге байланысты жаза қатандатылған. 2 жасөспірім қамға алынып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Иә, заң бәріне де ортақ. Сол себептен де қылмыстық заң жасөспірімдердің келешекте қатыгездік әрекеттерге бармауы үшін және олардың дұрыс жолға түсуіне септігін тигізері анық.

Аталған келелі жиында ойсалар тағылымды әңгімемен бөліскен қаланың бас имамы Ғалымжан Алейев әрбір жанның дұрыс жолға түсуіне отбасындағы тәлім-тәрбиесі үлкен рөл атқаратынын атап өтті.

Жалпы, пробация қызметінің мақсаты – күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу, сотталған адамды қоғамға бейімдеу.

Форумда қылмыс жасаған адамды қоғамдан тыс қалдырмай, оны қоғамға қайта қосу үшін арнайы реабилитациялық бағдарламалар, психологиялық көмек көрсету, кәсіби дағдыларды үйрету қажеттігі айтылды.

**Раушан НАРБЕК**

АЙМАҚ

## ТАРИХЫ ТЕРЕҢ МЕКЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласына іссапары барысында Конгресс-холға жиналған жергілікті қауым алдында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы шаһарға жұмыс сапарымен арнайы келгенін, шырайлы Шымкент еліміз үшін өте маңызды қала, тарихы терең қастерлі мекен екенін атап өтті.

– Көне шаһар тоғыз жолдың торабында тұр. Ұлы Жібек жолы кезінде осы аймақтан өткені белгілі. Шымкентте ерте заманнан бері сауда-саттық өркен жайды, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің ізі қалды. Бұл керуеннің көші әлі де үзілген жоқ. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі осы қаланы басып өтеді. Күре жолдың арқасында шаһардың стратегиялық маңызы арта түсті.

Менің бірер жыл бұрын Шымкент халқымен кездескенім естеріңізде болар. Сол кезде айтқан сөзімді тағы да қайталап өткім келеді: «Береке дегеніміз – экономика, ал ынтымақ дегеніміз – саясат». Шын мәнінде, осы екі құндылық елімізді алға бастайды. Мұны Шымкенттің бүгінгі келбетіне қарап айтуға да болады. Шаһар жыл өткен сайын қарыштап дамып

келеді. Көптеген өндіріс орындары ашылып жатыр. Менің тапсырмаммен бірнеше әлеуметтік нысан салынды. Былтыр қалада жалпы аумағы 1,3 миллион шаршы метр болатын тұрғын үй салынды. Металлургия, құрылыс саласын дамып жатыр. Былтыр қала экономикасы 11 пайызға өсті. Шымкентте 300-ден астам инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 9 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Тек былтырдың өзінде қалаға 770 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылған, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халық арасында Шымкентті «кәсіпкерлердің отаны» деп атайтынына назар аударып, қала экономикасының жартысынан көбі 140 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысанының еншісінде екенін жеткізді.

Президент қаланың маңызды жерлерін аралады. Мемлекет басшысына қаланың сәулеттік келбетін жақсартып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берілді.

**Р.НАРБЕК,**  
**ШЫМКЕНТ**

## САЛАУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

## КӨКЖИЕК

### ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛМАҚ

Шымкентке туристер демалып, дәмді ас ішу үшін ғана келмейді. Енді мұнда денсаулығын түзетіп, ең мықты деген дәрігерлерден жәрдем алуға болады. Қазірдің өзінде денсаулығын реттеуге Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, тіпті Қытайдан да емделушілер келе бастаған. Әсіресе, кардиология, нейрохирургия және ортопедия бойынша күрделі оталар жасалып жатыр.

Алдағы жылдары Шымкент медициналық туризм бағытында нағыз көшбасшыға айналуға үмітті. Қанша жерден сынаса да, қазір жалпы Қазақстан медицинасына деген сенім біршама артып келеді. Бұл қуантатын жағдай. Оған Қазақстанға келіп сауығып, үйіне қайтып жатқан туристердің алғысы дәлел.

**Р. НАРБЕК**

## САЙЛАУ

### ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ӨЗ ӘКІМІН ТАҢДАЙДЫ

Жетісу облысының Ескелді ауданында 27 сәуірде Бақтыбай ауылдық округі әкімінің сайлауы өтеді. Кандидаттарды ұсыну 20 наурызда басталып, 1 сәуірде аяқталды. Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша тіркелген 3 кандидат да өзін-

өзі ұсынған. Сондай-ақ үшеуі бұған дейін үш ауылдық округ әкімдерінің орынбасары болып қызмет жасаған. Биыл жалпы Жетісу өңірінде 40 ауылдық округ әкімінің сайлауы жоспарланып отыр.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ**

## ИГІ ІС

### ЖҰМЫССЫЗДАР АЗАЯДЫ

Атырау өңіріндегі жұмыссыздық деңгейі қазір 4,9 пайызды құрайды. Ал алдағы 4 жылда жалпыұлттық пул шеңберінде 20,5 мың жұмыс орны құрылып, 29 инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ.

– Аймақта жаңа жұмыс орындары жоғары қарқынмен ашылып жатыр, сондықтан да әр кәсіпорын Enbek.kz порталымен тығыз байланыста қызмет етуі керек. Бұл жұмыссыз ретінде тіркелген азамат-

тарды инвестициялық жобаларға шұғыл тартуға мүмкіндік беріп, жұмысқа орналастырудың ашықтығын қамтамасыз етеді, – дейді Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев 100-ден астам компанияның жетекшілері қатысқан алқалы жиында.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Польшыбет Хасановтың айтуынша, Жалпыұлт-

тық пул аясында биыл іске асырылатын 17 жоба бойынша 2597 жұмыс орны ашылады. Мәселен, «Силлено» полиэтилен зауытында – 500, теміржол вагондарын шығаратын барлығы «Тексол-Транс» ЖШС-де – 500, ал газ өңдеу зауытында – қосымша 600 жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ бос жұмыс орындарының 56 жәрмеңкесі өткізіледі.

**Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»**

Елімізде жастарды баспанамен қамту мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекеттік деңгейде қабылданған бірқатар бағдарламалар арқылы жас азаматтарға тұрғын үй жалға беру, жеңілдетілген ипотекамен қамтамасыз ету шаралары жүргізіліп жатыр. Әсіресе, 2019 жылы басталған жұмыс істейтін жастарға арналған 5 жылға жалға берілетін пәтер бағдарламасы үлкен көмек болды.

## «ҚАМҚОР» – МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

Бұл бағдарлама тек Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жүзеге асырылып, сол өңірлерде жұмыс істеп жүрген, тұрғылықты тіркеуі бар жастар пәтерге ие болған еді. Олар пәтерді 5 жыл мерзімге жалға алу құқығымен қоныстанған. Уақыт өте келе, осы пәтерлерді қайта мемлекетке қайтару кезеңі келді.

2024 жылдан бастап бұл бағдарламаға өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, жалдау мерзімі 5 жылдан 3 жылға қысқартылды, ал жастардың әрі қарайғы тұрғын үй мәселесін шешу үшін «Қамқор» атты өңірлік бағдарлама іске қосылды.

«Қамқор» бағдарламасы бойынша, жалдамалы пәтер мерзімі аяқталған жастар «Отбасы банк» арқылы жеңілдетілген ипотекалық несие рәсімдей алады.

Ресми мәліметтерге сәйкес, Шымкент қаласында 2024 жылдың наурыз айында қосымша 900-ден астам азаматқа үй берілген. Сонымен қатар, «Отбасы банк» өкілі Нұрсұлтан Әбдіхановтың айтуынша, үйдің алғашқы жарнасын азаматтар өз қаражаты есебінен жинауы тиіс. Бұл – олардың төлем қабілетін растайтын маңызды көрсеткіш.

«Қамқор» бағдарламасына қатысқысы келетін азаматтар міндетті түрде «Отбасы банк» тұрғын үй салымшысы болуы тиіс. Сонымен қатар, олар алғашқы жарнаның 10%-ын жинап, соны растайтын құжаттар

ұсынуы қажет. 2024 жылдың алғашқы тоқсанында 489 жас алдын ала төлем қабілетін тексеру конкурсына қатысқан. Соның ішінде 201 азаматтың өтініші мақұлданды.

Жаңа бағдарлама жастарға жалдамалы пәтермен шектелмей, жеке меншік баспанаға қол жеткізуге нақты мүмкіндік береді. Бұған дейін 5 жылға жалға алған жастар енді пәтерді мемлекетке қайтарған соң, ипотека рәсімдеп, өздері қалаған аудандағы үйді таңдай алады. «Қамқор» аясында сатылатын пәтерлердің құны нарық бағасымен есептеледі. Сондықтан сатып алушы азамат толық соманы өз есебінен төлеуге тиіс.

Жастардың баспанаға қол жеткізу мәселесі – мемлекеттің күн тәртібіндегі басты әлеуметтік міндеттердің бірі. Осы мақсатта қолға алынған «Қамқор» бағдарламасы – жалдамалы кезеңнен кейін де жастарға нақты шешім ұсынатын маңызды бастама. Қазірдің өзінде көптеген жас азамат осы мүмкіндікті пайдаланып, алғашқы жарналарын жинап, құжаттарын өткізіп жатыр. Мемлекет бұл бағытта жұмысты жалғастыра береді. Жастардың өмір сүру сапасын арттыру, тұрақтылық пен болашаққа сенім қалыптастыру – елдің дамуына салынған ең маңызды инвестициялардың бірі.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
Заң газеті**

## ТАРАТУ

2. «Про Роботикс» ЖШС (БСН 221040039479, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 54А ғимарат, н.п. 90В) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Абылай хан даңғылы, 20А үй, 60-пәтер, тел. 87759903706.

3. «Жарқын Construction І» ЖШС (БСН 230740031190, Астана қаласы, Нұра ауданы, Күлтегін көшесі, 19/1 үй, 164-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 47/2 үй, 602-кеңсе, тел. 87715166301.

5. «Рысбек 2021» ЖШС (БСН 210540038622) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылы, Әбдразақ көшесі, 46, тел. 87052190454.

6. «Алпроф Трэйд Караганда» ЖШС (БСН 161040015795) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Карағанды облысы, Карағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Юбилейная көшесі, 23/3 құрылыс.

14. «ИНЖИНИРИНГ СОЛЮШАНС» ЖШС (БСН 231140010406) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 10Б үй, 56-пәтер. Тел. +77016529698.

15. «ТОО «Н-Глобус»» ЖШС (БСН 140240013234) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, СМП-224, 10-үй, 10-кеңсе, тел. 87015551591.

16. «Тоқырауын и Ко» ЖШС (БСН 160440031164) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хана көшесі, 49/2 үй, 26-пәтер, тел. 87757955599.

17. «ТОҚЫРАУЫН» ЖШС (БСН 020140009046) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хана көшесі, 49/2 үй, 26-пәтер, тел. 87757955599.

23. Маңғыстау облысының мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» ММ (БСН 130840000857) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар болған жағдайда төменде көрсетілген мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14 шағын аудан, №36А ғимарат.

## ӘРТҮРА

4. «Национальный научный центр онкологии и трансплантологии» ЖШС (БСН 081040016964, Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 3-ғимарат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 28 наурыздағы №180 қаулысымен «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығы» ЖШС-не (БСН 180740003103) қосылу туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Барлық шағымдарды «Национальный научный центр онкологии и трансплантологии» ЖШС Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 48-бабының нормаларына сәйкес 2 ай ішінде жазбаша қабылдайды: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Керей Жәнібек хандар көшесі, 3-ғимарат.

7. «Алматы облысының білім басқармасы» ММ-нің «Қонаев қаласы Заречный ауылының көпсалалы колледжі» МКҚК-ны (БСН 181240022243) оған «Алматы облыстық білім басқармасы» ММ-нің «Заречный ауылындағы кәсіптік колледжі» МКҚК-ны (БСН 061140004445) және «Алматы облыстық білім басқармасы» ММ-нің «Заречный ауылындағы кәсіптік-техникалық колледжі» МКҚК-ны (БСН 081140001375) қосу жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Алатау қаласы, Заречный шағын ауданы, Құрманғазы көшесі, 19/2 құрылыс, пошта индексі В10Р118.

8. «Цифрал ЦТО» ЖШС (БСН 110540016729) оған «Цифрал Ақтобе» ЖШС (БСН 220940013336), «Цифрал СБ» ЖШС (БСН 110440022166) «Цифрал УД» ЖШС (БСН 220940013485) «Цифрал ЦД» ЖШС (БСН 131240005244) қосу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1, тел. 87012215188.

9. «Цифрал Ақтобе» ЖШС (БСН 220940013336) «Цифрал ЦТО» ЖШС (БСН 110540016729) қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады, тел. 87012215188.

10. «Цифрал СБ» ЖШС (БСН 110440022166) «Цифрал ЦТО» ЖШС (БСН 110540016729) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел. 87012215188.

11. «Цифрал УД» ЖШС (БСН 220940013485) «Цифрал ЦТО» ЖШС (БСН 110540016729) қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел. 87012215188.

12. «Цифрал ЦД» ЖШС (БСН 131240005244) «Цифрал ЦТО» ЖШС-ға (БСН 110540016729) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақтөбе қаласы, М. Оспанов көшесі, 52/1 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел. 87012215188.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., Ша Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Карағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

## МҰРАГЕРЛІК

22. 11.12.2024 жылы қайтыс болған Талдыбаев Мурат Сатолдаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне: Жаркент қаласы, Жібек жолы даңғылы, 61-үй, 38-кеңсе бойынша нотариус Садбан Күләндаш Тұрсынқызына келіп жолығуларын сұрайды.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы Талғат Әлиханұлы Нығметовқа ағасы

**Қайрат Әлиханұлының**

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

